

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 14.08.2023ж

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

Меңгеруші : А.Абилдаева

Әдіскер : Б.Бабаева

Тәрбиешілер: Әтен жансая, Бабаева Барно

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау
2. Оқу қызметінің кестесін бекіту
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу
4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны »
5. Түрлі сұрақтар

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Бабаева Барно

Әдіскер Бабаева Барно 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Әтен Жансаяны сайлауды ұйғарды.

1 ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абилдаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады. 2023-2024 оқу жылына «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» (ата-анамен жұмыс); «Сахналау арқылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіру»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» ҚР МЖМБС зерделеу және жан- жақты талқылау арқылы педагогтардың білімділігін арттыру» міндеті алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, 3 әдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқы жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 2 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын балабақшаның меңгерушісі, әдіскері, психологі мен медбикесі және бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Бабаева Барно жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Өткізілген уақыты: 09.10.2023ж

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Ел ертеңі – бүгінгі болашақ ұрпақ».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру

Меңгеруші : А.Абилдаева

Әдіскер :Б.Бабаева

Тәрбиешілер: Әтен Жансая, Бабаева Барно

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
3. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақшамыздың меңгерушісі А.Абилдаева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

2.Тыңдалды :Балабақша әдіскері Б.Бабаева сөз алып, Балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. *Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.*

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсімінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Әтен Жансая Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

3. Тыңдалды: Әдіскер Бабаева Барно Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып,Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды

қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртінуге
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер терапиясы

Психологиялық жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюуының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

4. Тыңдалды: Менгеруші А.Абилдаева сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін , алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалалансын.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 15.12.2023ж

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

Менгеруші: А.Абилдаева

Әдіскер: А.Абилдаева

Тәрбиешілер: Әтен Жансая, Өменова Ақмарал

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жарты жылдықтың аралық мониторинг қорытындысы
№2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.

ІТҮЫҢДАЛДЫ:

Балабақшамыздың тәрбиешісі Әтен Жансая өткен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілді.

Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді **әрбір оқу қызметінде** қолданылуы қадағаланып жатқандығын айтты.

Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың кестесін көрсетті. **балабақшада** өтетін ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндады. Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге көңіл бөлді. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

2 ТҮЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі Өменова Ақмарал Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе, тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты...

Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиын отбасыдағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. **Бақылау** – баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. **Әңгімелесу**- баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.

3. **Сауалнама**- арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4. **Сұхбаттасу** - алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

карапайым жағдайда сөйлесу

баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу

жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін айту үшінші адамның көмегініңсіз әңгімелесу;

Мысалы: «Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.»қажеттігін айтып өтті.

ЗТыңдалды : Балабақша тәрбиешісі Әтен Жансая балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

1.Сөз сөйлеген: Тәрбиеші Өменова Ақмарал мүсіндеу жұмысын үйрету әдістері атап өтті.Ермек саздан мүсін жасау балалардың сүйікті жұмысы,бірақ мүсінді қалай жасау керек әдістерін міндетті түрде ересек адамдар үйретеді. Балаға мүсінді жасату алдында оның жасайтын мүсінге қызығушылығын көтеру қажет,содан соң оны жасау әдістерін үйрету меноны тамашалау,әңгімелеу,сипаттау жұмысы жүргізіледі.Мүсіндеу әдістері бір қалыптан бастап көрсетіледі:2 жаста саз балшықты алақан арасында дөңгелету әдісімен доптар,шарлар,нандар,күлшелер жасау үйретіледі. 4 жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасында есу арқылы шұжықтарды,тесік бөлшектерге табактарды жасау ұсынылады. 4 жас ермек саз-пластилин қолданылады.Одан жоғарыда атап көрсетілген әдістерді пысықтау негізінде бөлшектерге бөліп,еселеу әдісімен заттың мүсінін жасау үйретіледі.Сонымен бірге сылау,таңбалау әдісін қолдану үйретіледі деп міндеттеп алды.

ШЕШІМ:

1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.
2. «ҚР МЖМБС-на сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәрбиешілерді қолдануды одан әрі арттырсын.
3. Балаларға сылау,таңбалау әдісін қолдану үйретілуі міндеттелсін

Төрайым
Хатшы:



А.Абилдаева
А.Садманова

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

11.03.2024ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Сюжетті рольді ойын баланың дамуында алатын орны» Баяндама
3. Тренинг. Педагогтардың білімі мен біліктілігін анықтау.
4. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді талқылау.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева №3 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Әдістемелік көмекті қажеттетін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

Тыңдалды: Балабақшы меңгерушісі А.Абилдаева «Сюжетті рольді ойын баланың дамуында алатын орны» атты баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында “Баланың қиялы, әсіресе ойында жарыққа шығады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, оны істейді. Ойын ойнағанда балалар жанындағы нәселерді пайдаланады”, – дейді Мағжан Жұмабаев. Ойын – тек әрекет емес, балалардың да үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамда рахат пен қанағат сезімі. Белгілі ғалым психолог Д.Б.Элконин: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеністікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге бағалауға үйренеді»- демекші ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы: сюжетті-рөлдік, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындары. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Сюжетті-рөлді ойын — мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты ойын түрі. Оны сипаттай отырып, С.Л. Рубинштейн бұл ойын баланың ересектермен өзара әрекеттесуіне негізделгенін атап өтсе, Д.Б. Эльконин ойын баланың зияткерлік және моральдық-еріктік дамуына әсер ететін жетекші қызмет түрі деп атады. Сюжетті-рөлді ойындарды дамытудың маңызды шарттарының бірі балаларға мынандай мінез-құлық ережелерін игерту: ренжіспей, тату ойнау; топта тәртіп сақтау; ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстау; досымызға көмектесу. Тәрбиеші бұл ережелерді баланың жүрегіне жол тауып, санасына құйдыра алса әр бала ересектердің мақтауы мен құрметіне лайық болатыны анық. Ойын барысында балалардың мінез-құлқын басқару оңай емес. Ережелер, нұсқауларды «үстірт» немесе «өктем, бұйыра» айтса онда ол есте қалмайды, тәрбиешінің ойынның «ішінде» жүріп, үлгі ретінде көрсетсе тез сақталады. Ережелер бала жадында сақталып қалуы үшін ойын-сабақтар, әңгімелесулер, экскурсия, көркем шығармалар оқу және оны драматизациялауды өткізген абзал. Меңгерген білімдері ойында лайық сәттерді таңдай біліп, оларды қиялдан құрылған жаңа сәттер ойлап таба білулеріне әкеледі. Бірлескен әрекет кезінде бала үшін тәрбиешінің қысымын сезбей,

оның нұсқау беретін ересек емес, қызықты ойнай алатын серіктес ретінде сезінсе ғана ойын бола алады. Бала ойынмен дамиды, ал тәрбиеші міндеті бала мен ойын тізбегінің жетекші және баланыстырушы буынына айналуы.

Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Әтен Жансая балабақша ұжымымен Педагогтардың білім мен біліктілігін анықтау мақсатында тренинг өткізді. Тренинг өте қызықты өтті. Педагогтардың білім деңгейлерін тексеру мақсатында викториналық сұрақтар қойылды.

Тыңдалды: Келесі мәселе ашық іс әрекеттерді талқылау. Балабақша менгерушісі Д.Аманбаева сөз алды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер бойынша өз ойын айтты. Ересек топ тәрбиешісі Әтен Жансая ашық ұйымдастырылған іс әрекеті өте жақсы өтілді. Жаңа әдіс тәсілдер қолданылды. Балалар емін еркін сұрақтарға жауап беріп отырды.

Шешім:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
Жауапты: менгерушісі А.Абилдаева, педагогтар.
2. «Сюжетті рольді ойын баланың дамуында алатын орны» Баяндамадағы оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын. Жауапты: менгерушісі А.Абилдаева, педагогтар.
3. Педагогтар білімі мен біліктілігін арттыруда іздену жұмыстары жүргізілсін.
Педагогтар
4. Тәрбиеші Әтен Жансая сабағы балабақша ішінде озық тәжірибе ретінде пайдаланылсын. Педагогтар

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**Педагогикалық кеңестің
№ 5 хаттамасы**

22.05.2024ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талқылау.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
3. Жазғы маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту.
4. Қорытынды мониторинг.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды.

Құрметті әріптестер, кезектегі оқу жылы да аяқталды. Жыл бойы бар күшіміз бен білімімізді, еңбек ете отырып бала бойына сіңіруге әрекет еттік. Әр бала ашылмаған жаңалық, жазылмаған дастан. Көздеріне қарап бар мейірімділікті бергің келеді, әлсіз де икемсіз қолдар мен саусақтарды жан бітіріп, түрлі икемге тәрбиелейміз. Болмашы қимыл іс-әрекет, былдырлаған тілі өзіне бір қуаныш пен сенімділік әкеледі. Ата-ана да бізден осыны күтуде. Білім мен тәрбие қатар жүретінін ұмытпайық. Күшімізді ата-анамен біріктіре отырып болашақ еліміздің тірегі, ұрпағын тәрбиелеуде немқұрайлылық танытпайық.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өз шығармашылық жұмыстарына есеп берді. Және есеп қортындысы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева тоқталып өтті: әр баланың қиялын дамытып, бойындағы өнерді, талапты жандандыруда шығармашылық қасиет керек. Ал, әр педогог бойындағы қасиет қай салаға бейімді екенін, немесе өзі бір қызығатын тақырыпта ізденіп, тәжірибе жинақтау, материалдар жинап, бала бойындағы қасиеттерді оятуға себебі тисе дейміз. Мына тақырып ыңғайлы деп қана емес, қызықты тақырып алу қажет. Және үнемі ізденіп, дамытып, өзі де дамып отырады. Бәріміздің солтұсымыз шетте қалып қояды, тақырыбымыз сол, жыл бойы ықтияттап естен шығармау, басқа салалармен байланыстыра отырып жұмыс істеу керек. Бәріңіздің материалдарыңыз аз, іздену де аз. Ойларыңызды жинақтап, тиянақты жұмыс істеулеріңіз қажет.

3.Тыңдалды:Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева тоқталып өтті:

Максаты: Балабақшадағы балаларды салауатты өмір салтын үйрету баланың денсаулықты сақтау,танымдық ,шығармашылық,әлеуметтік күзіреттілігін арттыру.

-Тапсырма:

- Балалардың денсаулығын нығайту
- Баланы салауатты өмір салтын үйрету.

-Баланың қызығушылығын арттыру

- Қоршаған орта мәдениетімен таныстыру

- Жазғы демалысты ұйымдастыру шараларымен тәрбиешілерді таныстыру
Ата аналармен бірге баланың жазғы демалуына жағдай жасап, жұмысты жүргізу. Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталғандығын айтылды.

4.Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абилдаева балалардың сапалы білім алуына жасалған жағдайлар. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингі бойынша жыл есебінің қорытындысына есеп берді. Оқу жылы барысында балабақшада өткізілген барлық іс шараларына (ойын сауық, ертеңгілік, мерекелер, байқауларды ұйымдастыру, музыкалық залды тақырыптарға сәйкес безендіру, ертеңгіліктердің ерекше сценарийін ойлап жазу т.б) тікелей қатысқан педагогтардың кәсіби шеберлігінің тиісті деңгейде екенін көрсетті.

Шешімі:

1.Балалар жүрегіне жол табатын мейрімді іс-әрекеттерге, табыстарға ұмтылу. Жауапты : педагогтар

2.Белгіленген шығармашылық тақырыптарының мазмұнына, мақсатына сай материалдар жинақтап, толтыру, іздену. Жауапты : педагогтар

3.Жазғы маусымға арналған, бекітілген іс-шаралар өз уақытында, жауапкершілікпен өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер

4.Балалардың сапалы білім алуына жағдайлар жасалсын. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингін бақылау балабақша меңгерушісі А.Абилдаеваға жүктелсін.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева